

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Негізгі орта білім беру деңгейінің
9-сынып оқушыларына арналған оқулық

Шартты белгілер



— сабақ мақсаты



— оқылым



— жазылым



— айтылым



— жұптық жұмыс



— топтық жұмыс



— ЖИ-мен жұмыс



— үй жұмысы



— БЖБ/ТЖБ



— тыңдалым немесе бейнежазба

АЛҒЫ СӨЗ

Құрметті оқушы!

Қолындағы «Қазақ тілі» оқулығының мазмұны заман талабына сай құрылған. 9-сыныпқа арналған Үлгілік оқу бағдарламасына сай әзірленген оқулықтағы тақырыптар арқылы қазақ тілінің қырсырын біліп, шешен сөйлеуге, сауатты жазуға, жүйелі ойлауға, қисынды сөз саптауға машықтанасың. Жаһандық өзгерістерді түсініп, бейбітшілік пен ұлтыңның мұрат-мақсатын өз тағдырыңмен байланыста бағалайсың, табиғатты аялаудың, білім мен ғылымның, ұлттық құндылықтардың мәнін тереңірек түсінесің.

Оқу ыңғайлы әрі нәтижелі болуы үшін оқулықтағы әр сабақ бірнеше айдарға бөлінген. «Бүгінгі сабақта» айдарында сен сабақтың мақсаты мен бағытын анықтап, өз оқу жолыңды жоспарлауға мүмкіндік аласың. «Ой керуені» жаңа тақырыпты болжауға, пікір айтуға және сыни тұрғыдан ойлануға жетелейді. «Қайталау – білім анасы» айдары өткен материалдарды еске түсіріп, бұрынғы білімді жаңа мазмұнмен ұштастыруға көмектеседі. «Білгенге маржан» айдарында тақырыпқа қатысты тың теориялық білім ұсынылады. Ал «Білім таразысы» айдарында меңгерген біліміңді саралап, қорытынды жасайсың. Осы айдарлардың барлығы сабақ мазмұнын байытып, ой еркіндігіңді, талдау қабілетіңді және өз көзқарасыңды дәлелдеп айту дағдыңды дамытады.

Осы оқулық арқылы сен қазақ тілін сауатты қолданып, әлемдік білімге жол ашасың. Егер 8-сыныпта сен сөз тіркесінің құрылымын, сөздердің байланысу тәсілдері мен түрлерін меңгеріп, сөйлем құраудың негізін қаласаң, 9-сыныпта сол білімді жаңа деңгейге көтересің. Бұл сыныпта стиль ұғымын терең түсініп, құрмалас сөйлемнің түрлері мен жасалу жолдарын жүйелі түрде меңгересің.

Оқулықтағы тақырыптар алдыңғы сыныпта алған біліміңмен тығыз сабақтастықта беріліп, оны кеңейтуге, тереңдетуге мүмкіндік жасайды. Әрбір тапсырма ойлау қабілетіңді дамытып, тілдік талдау жасауға, өз көзқарасыңды дәлелді әрі сауатты жеткізуге үйретеді. Ал электрондық оқулықта берілген мультимедиялық тапсырмалар мен бейнематериалдар білім алу үдерісін заманауи талаптарға сай ұйымдастырып, сөздік қорыңды байытуға, шығармашылық қабілетіңді дамытуға ықпал етеді.

Осы оқулық арқылы сен қазақ тілінің бай мүмкіндіктерін саналы түрде меңгеріп, алған біліміңді өмірде еркін қолдана алатын, әлемдік білім кеңістігіне қадам басқан тұлға ретінде қалыптасасың.

Ізгі ниетпен, авторлар



I БӨЛІМ

МӘҢГІЛІК ЕЛ – МҰРАТЫМ. СТИЛИСТИКА

Бұл бөлімде меңгеретінің:

Құндылықтар:

- «Мәңгілік Ел» идеясының мәнін түсінесің;
- Ұлттық идеяның тарихи бастауларын және бабалар арманымен сабақтастығын ұғынасың;
- Тәуелсіздіктің тұғыры болған тұлғалардың еңбегін бағалайсың;
- Ұлттық құндылықтар мен рухани мұраның маңызын танысың;
- Елорда – Астананың тәуелсіздік пен рух символы екенін түсінесің.

Оқылым:

- мақаланың құрылымы мен рәсімделуімен танысып, жанрлық ерекшеліктерін анықтайсың;
- шешендік сөздердің стилін, жанрын, тілдік ерекшеліктерін мәтіннен анықтап, өз бетіңше шешендік сөз түрлерін құруда қолданасың.

Тыңдалым және айтылым:

- мәтін мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға болжаммен жауап беріп, тыңдаған соң түпнұсқамен салыстырасың;
- қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, ғылыми тақырыптарға байланысты әртүрлі жанрдағы кең көлемді мәтіндердің мақсатты аудиториясы мен ондағы көркемдегіш құралдардың рөлін талдайсың.

Жазылым:

- берілген тақырып бойынша ауызша және жазбаша мәтіндер құру үшін нақты деректерді жинап, жинақталған материалдар негізінде көзделген мақсатқа сәйкес күрделі жоспар құрасың;
- мақсатты аудиторияның қызығушылығын ынталандыру үшін әртүрлі жанрда мәтіндер құрасың;
- жазба жұмысын абзацтар мен бөліктерге бөліп, ойыңды (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық түзетулер енгізе отырып редакциялайсың.

Әдеби тіл нормасы:

- мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазасың.

Тәуелсіздік – бар адамның арманы. Шешендік сөздер

1




Бүгінгі сабақта:

- Шешендік сөздердің түрлерін еске түсіресің;
- Шешендік сөздерде қолданылатын тілдік құралдармен танысасың;
- Қолданылған тілдік құралдар арқылы шешендік сөздің түрін, стилін анықтайсың.

ОЙ КЕРУЕНИ

Суреттерге қара. Ортақ тақырыпты тап. Жауабыңды 2-3 мысалмен дәлелде.



...	...	...	...	...	...	...	...	...	...	...
-----	-----	-----	-----	-----	-----	-----	-----	-----	-----	-----

1-тапсырма. Үзінділерді оқып, сұрақтарға жауап бер.

- 1) Әр үзіндіде не туралы айтылғанын анықта.
- 2) Үзінділердің қайсысы арнап, қайсысы толғап айтылған деп ойлайсың?
3-үзіндінің мазмұны арнап немесе толғап айтылған сөздерге ұқсай ма?
Неге?
- 3) Үзінділердің мазмұнын салыстыр. Қайсысы шешендік сөзге жатпайды? Қандай ерекшеліктерді байқадың?

1-үзінді

Еркіндігім.
Қасиеттім.
Қастерлім.
Өзің барда өзегімде жоқ шер мұң!
Кеше сенің келбетіңді арман ғып,
Боданына бұғауландық басқа елдің.
Бабалардың басын тігіп бәйгеге,
Аналардың жанарына жас бердің!
Уа, Еркіндік, қош келдің!

Қ.Сарин

2-үзінді

– ... Екі би, айтқан сөзің жарасады,
Еншіге әркімдер-ақ таласады.
Қасқакөл орта жүздің үлесі еді,
Дауларың қиянатқа жанасады.
Қанағатсыз билерді қабан деген,
Қамшылатқан жүйрікті шабан деген.
Біреудің ақысына зорлық қылған
Қиянат қияметте жаман деген...

*Орманбеттің Әйтеке мен
Төле билерге айтқаны*

3-үзінді

Құйрығы жоқ, жалы жоқ
Құлан қайтіп күн көрер?
Аяғы жоқ, қолы жоқ
Жылан қайтіп күн көрер?
Жалаң аяқ балапан
Қаздар қайтіп күн көрер?
Шыбын шықса, жаз болып,

Таздар қайтіп күн көрер?
Көлде жүрген қоңыр қаз
Қыр қадірін не білсін?
Қырда жүрген дуадақ
Су қадірін не білсін?
Көшіп-қонып жүрмеген
Жер қадірін не білсін?!
Асан қайғы

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН

Шешендік сөздер – тыңдаушыларды нақты бір мақсатқа, идеяға, әрекетке шақыратын, ойды дәл, әсерлі жеткізу үшін қолданылатын терең де тапқыр ой, тұжырымдар. Шешендік сөздердің қазіргі заманда қоғамдық пікір қалыптастыруда, жастарға ұлттық құндылықтарды дәріптеуде, ұлт бірлігін арттыруда, көшбасшылық пен саяси мүдделерді қорғауда маңызы зор. Шешендік сөздерді орынды қолдану ақпаратты тиімді жеткізуге, нәтижелі қарым-қатынас орнатуға оң әсерін тигізеді.

Қазақ халық ауыз әдебиетінде шешендік сөздер көп қолданылған. Олар мазмұнына қарай *шешендік арнау*, *шешендік толғау*, *шешендік дау* деп үшке бөлінеді.

Шешендік арнау – бата, тілек, әзіл-сын, көңіл айту, естірту т.б. жеке адамға, қоғамға бағыттап айтылған шешендік сөздер.

Шешендік дау – даулы мәселелерге қатысты қоғамда орын алған қылмыстық, саяси істерді шешу барысында айтылған орамды ойлар, шешімдер.

Шешендік толғау – қоғамға, заманға байланысты тәрбиелік мәні бар тақпақ, термелер.

Композициялық құрылысына қарай *пернелі сөз*, *термелі сөз* деп екіге бөлінеді. Қара сөзбен айтылған шешендік сөздер *пернелі сөз*, толғау, тақпақ түріндегі шешендік сөздер *термелі сөз* деп аталады.

Шешендік сөздер түсінік пен түйінді сөздерден тұрады. Түйінді сөз *тұрақты*, *тура* мағынада, түсінік сөз *ауыспалы* мағынада болады.

Шешендік сөздердің тілдік ерекшеліктеріне бейнелілік пен көркемдік (теңеу, метафора, эпитет, тұрақты сөз тіркестері, мақал-мәтелдер), қысқалық пен нақтылық, әуезділік пен ырғақтылық, ауызекі сөйлеу элементтері, тәрбиелік, моральдық мазмұнды болуы жатады.

Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық.

2-тапсырма. 1-тапсырмадағы үзінділерге қатысты семантикалық картаны толтырып, таңдауынды түсіндір.

	Арнау	Толғау	Дау	Пер- нелі сөз	Термелі сөз	Тұрақты (тура) мағына	Ауыс- палы мағына
1-үзінді	+						
2-үзінді							
3-үзінді							



3-тапсырма. Мәтінді топта рөлге бөліп оқып, мазмұнын талдаңдар.

Қазыбек пен Қоңтажы

Қалмақтың Қоңтажы деген ханы қалың қолымен келіп, бейбіт жатқан қазақ елінің бір шетін шауып алып кетіпті. Қоралы қой, үйірлі жылқы, «құл» қылам деп ұл, «күң» қылам деп қыз әкетеді. «Жауластырмақ жаушыдан, елдестірмек елшіден» деп қалмақ ханына Абылай хан елші жібереді.

Ертеңінде елшілер ханның ордасына келеді.

– Уа, неге келдіңдер?..

Кешке дейін бір жауабын бермесем, ат-көліктеріңнің аманын-да елдеріңе қайта беріңдер! – деп қалмақ ханы қолын есікке қарай бір сілтейді. Тайкелтір би сәл үдірейіп қалады. Сол кезде босаға-да отырған бала орнынан атып тұрып:

– Ел ебелек емес, ер көбелек емес, дат! – депті. Хан көзінің астымен сүзе қарап:

– Кім едің? – дегенде, бала кідірместен:

– Мен өзім – қазақпын, руым – қаракесек, әкемнің аты – Келдібек, өзімнің атым – Қазыбек. Елде жүргенде балалардың басшысы едім, қазір ағаларымның атшысымын, – депті.

– Уа, датыңды айт! – депті, хан сұқ қолымен өзінің алдына нұсқап. Бала адымдап басып ханның алдына барады да, ханның көзінен көзін айырмай мынаны айтқан екен:

– Біз – қазақ деген мал баққан елміз. Ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Елімізден құт-береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп, найзасына жылқының қылын таққан елміз. Дұшпанды басындырмаған елміз, басымыздан сөз асырма-

ған елміз. Досымызды сақтай білген елміз, дәм-тұзын ақтай білген елміз. Асқақтаған хан болса, хан ордасын таптай білген елміз. Атадан ұл туса, құл боламын деп тумайды, анадан қыз туса, күң боламын деп тумайды, ұл мен қызын жатқа құл мен күң етіп отыра алмайтын елміз. Сен – темір болсаң, біз – көмір, еріткелі келгенбіз, қазақ-қалмақ баласын теліткелі келгенбіз. Танымайтын жат елге танысқалы келгенбіз, танысуға көнбесең, шабысқалы келгенбіз. Сен – қабылан болсаң, мен – арыстан, алысқалы келгенбіз, тұтқыр сары желімдей жабысқалы келгенбіз. Бітім берсең, жөніңді айт, бермесең, тұрысатын жеріңді айт! – депті. Сонда Қоңтажы Қазыбекті қасына отыруға шақырады. Қазыбек:

– Біздің елімізде кіші үлкенін сыйлайды. Ағаларымнан жоғары отырмаймын, – деп есік жаққа беттепті.

Сонда Қоңтажы:

– Мына елшілерді қонақ үйге апарыңдаршы! Жол жүріп, шаршап келді ғой, тынықсын! – депті.

Сөйтіп Қоңтажы хан тұтқындағыларды босатып, тартып өкеткен мал-мүліктерін айып-анжысымен қайтарған екен.

(«Даланың дара ділмарлары» кітабынан)



4-тапсырма. Төмендегі кестені толтырып, оқыған шығарманың тілдік ерекшеліктерін талда.

Тілдік ерекшеліктері	Мәтіннен мысал	Түсіндірме
1. Метафора		
2. Антитеза		
3. Теңеу		
4. Қайталау		
5. Параллелизм		
6. Мақал-мәтел		



5-тапсырма. Оқыған шешендік сөздің түрін анықта.

Қазыбек пен Қоңтажы арасындағы диалог шешендік сөздің қай түріне жатады? Жауабыңды мәтіннен дәлелдер келтіріп, түсіндір.



6-тапсырма. Оқыған шешендік сөзде қолданылған тілдік құралдарды талда. Берілген ойды жалғастыр.

«Қазыбек пен Қоңтажы» диалогі шешендік _____ жатады, себебі:

Дәлел реті	Шешендік сөздің сипаты	Дәлелдемелер
1.	мазмұны _____ құрылған	
2.	стилі	
3.	композициялық құрылысына қарай	
4.	түсінік пен түйінді сөздер	
5.	бейнелілік пен көркемдігі	
6.	қысқалық пен нақтылығы	
7.	әуезділігі мен ырғақтылығы	
8.	халықтық сипаты	
9.	ауызекі сөйлеу элементтері	
10.	тәрбиелік мазмұны	



7-тапсырма. Оқыған мәтіндегі ақпараттарды қолдана отырып, «Тәуелсіздік – бар адамның арманы» тұжырымына өз ойыңды жаз.

1-сөйлем: *Меніңше, тәуелсіздік – бар адамның арманы.*

2-сөйлем: *Мен оны былай түсіндіремін: ...*

3-сөйлем: *Оны мен мына деректермен, мысалдармен дәлелдей аламын: ...*

4-сөйлем: *Осыған байланысты мен мынадай қорытындыға келдім: ...*



8-тапсырма. Шешендік сөздерге тән тілдік құралдарды қолданып, төмендегі жағдаяттардың біріне сәйкес көркем мәтін құрап жаз.

1. «Тәуелсіздікті аяла» тақырыбына шешендік арнау

2. «Өз елім – алтын бесігім» тақырыбына шешендік толғау

БІЛІМ ТАРАЗЫСЫ

«Бір минуттық рефлексия» әдісі арқылы сабақты қорытындыла.

1. Осы сабақтағы мен үшін ең маңызды ақпарат:

2. Әлі де маған мына жайттар түсініксіз:

3. Бүгінгі сабақтан түйгенім:

2

Тәуелсіз елдің бас қаласы. Орфография



Бүгінгі сабақта:

- жазба жұмысын абзацтар мен бөліктерге бөліп, ойынды (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық түзетулер енгізесің және редакциялайсың;
- тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазасың.

ОЙ КЕРУЕНІ

Берілген суреттерге мұқият қара.

1. Суреттерде бейнеленген нысандар туралы айт.
2. Нысандардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықта.
3. Нысан атауларының жазылуына назар аудар.



Мәңгілік ел



Бәйтерек



Хан шатыр



Көк төбе

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН

ОРФОГРАФИЯ

Орфография (грек тілінде *orfhos* – *дұрыс*, *grapho* – *жазамын*) – сөздерді дұрыс жазу ережелерінің жүйесі және оны қарастыратын тіл білімінің бір саласы.

Орфография:

- дыбыстарды (фонемаларды) әріппен таңбалауды;
- түбір сөздер мен қосымшалардың жазылуын;
- сөздерді бірге, бөлек және дефис арқылы жазуды;
- шылаулар мен одағайлардың жазылуын;
- бас әріптердің қолданылуын;
- сөздерді тасымалдау тәртібін белгілейді.

Қазақ тіліндегі орфографиялық ережелер 3 принципті басшылыққа алады:

1. морфологиялық принцип;
2. фонетикалық принцип;
3. тарихи-дәстүрлі принцип.

Морфологиялық принцип бойынша әр сөздің түбірі мен оған жалғанатын қосымшаның тұлғасы сақталып жазылады. Мысалы: түнгі (түңгі емес), құндылық (құндұлұқ емес), кете алмай (кеталмай деп жазуға болмайды), Сарыарқа (Сарарқа деп жазуға болмайды).

Абзац (нем. *Absatz* – *шегініс*) – мәтіннің өзекті ойды сипаттау мен суреттеуге арналған дербес бір бөлігі. Бұл мәтіннің мағына жағынан бірыңғай тиянақты бөліктерін бір-бірінен ажырату үшін қажет. Логикалық мазмұн тұрғысынан мәтіннің бір тынысты кезеңін бөліп алып отыру, ой желісін дұрыс ширатып, өрбіте жүйелеуге өте ыңғайлы. Абзац мәтіннің түсінікті, түйінді, тұжырымды болуына ықпал етеді.



1-тапсырма. Мәтінді түсініп оқып, 5 абзацқа дұрыс бөл. Неге осылай бөлгенінді парталасыңа түсіндір.

«Бәйтерек» монументі

Есіл өзенінің сол жағалауында, Сарыарқаның төсінде бой көтерген зәулім «Бәйтеректің» биіктігі – 97 м, диаметрі 27 м; негізгі есікке бастайтын әшекейлі темірбетон саты жер бетінен 4,8 м жоғары орналасқан. Диаметрі – 22 метр, салмағы 300 тонна болатын алып шар күннің түсуіне қарай түсін өзгертетін «хамелеон» әйнектермен көмкерілген. Бұл шар әлемдегі биікке көтерілген ең үлкен шар ретінде рекордтар кітабына енген. «Бәйтерек» нысаны үш бөліктен тұрады. Жер асты бөлігі ұлттың тамыр жаюын, ал одан кейінгілері өркендеу кезеңдерін білдіреді. Ең жоғарғы бөлігінде «Аялы алақан» композициясы орналасқан. Ұшар басында алтын шар орналасқан. Арнайы шынылармен әйнектелген «Бәйтерек» күмбезінің салмағы – 70 т, ал алтын шардың үстіңгі ауданы – 1553 м². «Бәйтерек» – Астана қаласының басты символы, қазақ халқының қайта өрлеуі мен түлеуінің, мемлекеттілігінің, биік арманы мен ой тереңдігінің, кеңпейілділігі мен дархандығының көрінісі. Ол – елорданың халық көп баратын көрікті жерлерінің бірі. «Бәйтерек» монументі – 1997 жылы Қазақстан астанасының Алматыдан Ақмолаға көшірілуінің символы ретінде тұрғызылған сәулет туындысы. Оның биіктігінің 97 метр болуының себебі де осы жылмен байланысты. 97 метр биіктікте орналасқан «Аялы алақан» көркем композициясы – қазақ халқы өміріндегі жаңа кезеңнің белгісі. Бұл – 1997 жылдың Қазақстан тарихындағы жаңа астананың жарияланғанын және мемлекеттің жаңа бастамасын білдіретін ерекше нышан. Монументтің ортасында барлық діндердің бірлігін білдіретін, әлемнің 17 дін өкілінің қолтаңбасы бар ағаш глобус орналасқан. «Бәйтерек» өзінің орналасуымен және композициялық құрылымымен ежелгі түркі және көшпелі

халықтардың дүниетанымындағы космогониялық идеяларды бейнелейді. Аңыз бойынша, әлемдердің тоғысқан жерінде Дүниежүзілік өзен ағып жатады. Оның жағасында жерді тамырымен ұстап, төжімен көкті тіреп тұрған Өмір ағашы – Бәйтерек өсіп тұрады. Бұл ағаштың тамыры жер асты әлемінде, діңі жер бетінде, ал төжі аспанда орналасқан. Жыл сайын Өмір ағашының төжіне қасиетті Самұрық құс «Күн» атты алтын жұмыртқа салады. Бірақ ағаштың түбінде мекендейтін Айдаһар бұл жұмыртқаны жеп қояды. Бұл бейнелі түрде жақсылық пен жамандықтың, күн мен түннің, жаз бен қыстың мәңгілік алмасуын білдіреді. «Бәйтерек» монументі жас, қуатты әрі өсіп-өркендеп келе жатқан, тарихи тамырын сақтаған, берік тірегі бар және болашақтың гүлденуіне ұмтылған Қазақстан мемлекетін бейнелейді.

(«Айбын» энциклопедиясынан)



2-тапсырма. Мәтіннен морфологиялық принципке сәйкес жазылған сөздер мен сөз тіркестерін теріп жазып, таңдауынды түсіндір.

3-тапсырма. Үлгіге қарап, берілген сөйлемдерге стильдік өзгертулер енгіз, қателерін түзет. Енгізген өзгертулердің себебін түсіндір.

Үлгі: Астананың кешегісі мен бүгінгі сәулеті осы үлкен шардың панорамалық залынан көрініп тұрады

Өзгерту: Астананың бүгінгі сәулетін осынау ғаламат шардың панорамалық залынан тамашалауға болады.

1-өзгеріс: «кешегісі» сөзін алып тастаймыз, себебі панорамалық залдан қарағанда қаланың кешегі көрінісі көрінбейді, тек жаңа келбеті ғана көрінеді.

2-өзгеріс: «осы» сілтеу есімдігін «осынау» деп, «үлкен» сөзін «ғаламат» деп, «көрініп тұр» тіркесін «тамашалауға болады» деп өзгерту арқылы сөйлемге күшейтпелі реңк беруге болады.

3-өзгеріс: сөйлем соңына нүкте қойылады. Редакциялауға ұсынылатын сөйлемдер:

Түрлі қала құрылысы жобалары үнемі жүзеге асырылуда, жаңа заманауи ғимараттар бой көтеруде. Бұл миллионнан астам халқы бар қала – онда миллионнан астам адам тұрады. Астана тұрғындары өз қалаларын жақсы көреді және оны мақтан тұтады.



4-тапсырма. Сен туристік ақпараттық сайтқа арналған мәтін редакторысың. 1-тапсырмада берілген мәтін мазмұнды, бірақ ұзақ. Оқырманға түсінікті болуы үшін оны өңдеу қажет. Осы мәтінді қайта өңдеп, туристерге арналған шағын ақпараттық мәтін жаз.

Нұсқаулық:

1. Мәтінді кемінде 4 абзацқа бөл: 1) жалпы сипаттама, 2) сәулеттік ерекшеліктері, 3) символдық мәні, 4) тарихи-мағыналық рөлі.

2. Ақпараттарды логикалық ретпен орналастыр. Қайта-ланатын немесе артық тұстарды қысқарт.

3. Орфографиялық нормаларды сақтап, қатесіз жаз.

4. Соңында редакцияланған нұсқаны ұсын.



5-тапсырма. Оқыған мәтіндегі ақпараттар мен қосымша дереккөздерден мәліметтер жинап, төмендегі нұсқаулыққа сәйкес «Тәуелсіз елдің бас қаласы» тақырыбына мәтін құраңдар.

Нұсқаулық:

- 1) Тақырыпты талдаңдар. Негізгі идеялар мен мәселелерді жинақтаңдар.
- 2) Жоспар құрыңдар. Мәтіннің кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдерін жүйелеп, логикалық құрылым жасаңдар.
- 3) Абзацтарға бөліңдер. Әр абзацта бір негізгі ойды немесе ақпаратты дамытыңдар.
- 4) Редакциялаңдар. Жазған мәтіндеріңде бір сөздің жиі қайталануын болдырмауды ойлаңдар. Орфографиялық, стильдік қателерді түзетіп, мәтінді ықшамдаңдар. Логикалық байланысты қадағалаңдар.
- 5) Соңғы рет тексеріңдер. Мәтін мазмұнының тұтастығына, ойдың жүйелілігіне, логикалық бірізділігіне көз жеткізіңдер.
- 6) Келесі топқа жазбаларыңды беріп, кері байланысты тыңдаңдар.



6-тапсырма. Төмендегі кестені толтырып, олардың жазба жұмысын орындаудағы маңызын түсіндіріңдер.

Мәтін құру кезеңдері		
реті	кезеңдері	маңызы
1	Тақырыпты таңдаудағы мақсатты айқындау	
2	Жоспар құру	
3	Абзацтарға бөлу	
4	Логикалық түзетулер енгізу	
5	Редакциялау мен өзгерістер енгізу	
6	Соңғы тексеру	



7-тапсырма. Сөйлемдерді берілген сөздерден бастап, логикалық ретпен жалғастыра отырып, «Астана – бас қала» тақырыбына әңгімелеу мәтінін құрап жаз. Сөйлемдерді орфографиялық нормаға сай жазып, абзацқа біріктірі.

Астана ...

Сарыарқада ...

Отанымның жүрегі ...

БІЛІМ ТАРАЗЫСЫ

«3, 2, 1» әдісі арқылы сабақты қорытындыла.

- 3 маңызды ақпарат
- 2 қызықты идея
- 1 сұрақ



Бүгінгі сабақта:

- жинақталған материалдар негізінде көзделген мақсатқа сәйкес ауызша және жазбаша мәтіндер құрау үшін күрделі жоспар құрасың;
- мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазасың.

ОЙ КЕРУЕНІ

Сөздерді оқы. Айтылуы мен жазылуына назар аудар. Не байқадың? Бұл сөздердің айтылуы мен жазылуы бірдей ме? Неге олай деп ойлайсың?

Ботагөз, бүгін, биыл, жауып қойды, пәуеске, Амангелді, шегара, қыргүйек, бірлігіміз.

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН

Дұрыс жазу ережелерін емле деп атаймыз. Тілде жазу үш принципке сүйенеді: морфологиялық принцип, дәстүрлі-тарихи принцип, фонетикалық принцип.

Фонетикалық принцип – сөздердің дыбыстық өзгеріске ұшырағаны негізге алынып, айтылуы мен естілуіне сәйкес жазылуы. Фонетикалық принцип бойынша сөздер дыбыстық заңдарға сүйеніп, айтылуы мен естілуі бойынша жазылады. Мысалы: *бүгін, биыл, сексен, тауып алды, белбеу, жаздығүні, Ботагөз, қарлығаш, қыргүйек т.б.* сөздер айтылуында да, жазылуында да бірдей болады. Ал олардың тарихи тұлғалары: *бұл күн (бүгін), бұл жыл (биыл), сегіз он (сексен), тап+ып алды (тауып алды), белбау (белбеу), жаздың күні (жаздығүні), Ботакөз (Ботагөз), қара ала құс (қарлығаш), қыркүйек (қыргүйек).*



1-тапсырма. Берілген мақал-мәтелдердің жалғасын тауып, сәйкестендір. Қате жазылған сөздерді түзеп, дәптерге көшіріп жаз. Мақал-мәтелдердің тақырыбын анықта.

1. Бірлік бар жерде	А. табылмас бақыт.
2. Татулық –	Ә. тірлік болмас.
3. Ел іші тыныш болса,	Б. береке бар.
4. Бірлік болмай,	В. тірлік бар.
5. Бейбіт елде	Г. Алтау ала болса, ауыздағы кетеді.
6. Ауылы бірдің	Ғ. ауызы бір.
7. Төртеу түгел болса, тобедегі келеді,	Д. ерінің бағы ашылады.



2-тапсырма. Мәтінді оқып, фонетикалық принципке сәйкес қолданылған сөздер мен сөз тіркестерін анықта. Таңдауыңды түсіндір.

Төле бидің даналығы

Ел аузында Төле би туралы көптеген тарихи аңыздар сақталған. Оның атымен байланысты айтылатын нақыл сөздер, мақал-мәтелдер, билік келісімдер де ел арасына кеңінен тараған.

Төле бала Әнет бабаға барыпты. Жасы жүзге келіп отырған Әнет баба ынтымақ, ел бірлігі жөнінде әңгіме айтып отырады. «Қалай еткенде бірлік болады, оның күші қандай болмақ» дегенді сұрайды. Сонда Әнет баба әуелі жауап айтпас бұрын бір бума солқылдақ шыбық алдырады.

– Балам, мынаны сындырып көрші?

Төле буылған шыбықты олай-бұлай иіп сындыра алмайды.

– Енді сол шыбықты біртіндеп сындыршы? – Төле ортасынан буылған шыбықты шешіп, біртіндеп пырт-пырт еткізіп, оп-оңай сындырып береді. Әнет баба:

– Бұдан не түсіндің, балам? – дейді.

Сонда Төле бала:

– Түсіндім, баба, бұл мысалыңыздың мәні: ынтымағы, бірлігі мықты елді жау шаба алмайды, дау да ала алмайды. «Саяқ жүрген таяқ жейді» демекші, бірлігі, ынтымағы жоқты жау да, дау да оп-оңай алады дегеніңіз ғой.

– Бәрекелді, балам, дұрыс таптың. Ел билеу үшін алдымен елді ауызбірлікке, ынтымаққа шақыра біл. «Бақ қайда барасың, ынтымаққа барамын» дегеннің мәні – осы, – депті.

Жаңбыр жаумаса жер жетім,

Басшысы болмаса ел жетім.

Ұқпасқа айтқан сөз жетім,

Көре алмаған көз жетім.

Атың жақсы болса,

Жан мен тәттің шырағы.

Қызың жақсы болса,

Жайқалып өскен құрағың.

Әйелің жақсы болса,

Бірінші – иманың,

Екінші – жиғаның,

Үшінші – ырысыңның тұрағы.

Атадан ұл туса игі,

Өзі біліп тұрса игі,
Ата жолын қуса игі.
Жаудан бұққан немені,
Өзіне келер ұятын,
Ортасынан қуса игі.

Төле би өз көңілін сұрай келген билердің «еліңізге қандай өсиет қалдырасыз?» деген сұрағына былай деп жауап берген екен: «Жүзге бөлінгендердің жүзі қара. Руға бөлінгендер – құруға асыққандар. Атаға бөлінгендер адыра қалады. Көпті қорлаған көмүсіз қалады. Хан азса, халқын сатады. Халық азса, хандыққа таласады».



3-тапсырма. «Төле бидің даналығы» мәтінінен алынған қанатты сөздердің мәнін түсіндір.

- 1) Ынтымағы, бірлігі мықты елді жау шаба алмайды, дау да ала алмайды.
- 2) Саяқ жүрген таяқ жейді.
- 3) – Бақ, қайда барасың?
– Ынтымағы жарасқан елге барамын.
- 4) Атадан ұл туса игі,
Өзі біліп тұрса игі,
Ата жолын қуса игі.
- 5) Жүзге бөлінгендердің жүзі қара.



4-тапсырма. Төмендегі сұрақтарға жауап бер.

- «Төле бидің даналығы» мәтіні қай тақырыпқа жазылған?
- Шығарманың идеясын анықта. Ойыңды түсіндір.
- Шығарманың кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдерін анықтап, әр бөлімге тезистік атау қой. Негізгі бөлімді неше абзацқа бөлуге болады? Жоспарыңды түсіндір.

Төле бидің даналығы
Жоспар

I. Кіріспе. ...

II. Негізгі бөлім: ...

A) ...

Ә) ...

III. Қорытынды. ... _

Жоспар – ауызша немесе жазбаша жұмысты, іс-шараны немесе жобаны орындау үшін алдын ала ойластырылған, жүйеленген және құрылымдық түрде көрсетілген қадамдардың, бөлімдердің тізімі. Жоспардың негізгі мақсаты – әрекеттерді ретімен орындауды, ойды логикалық жүйелі ұйымдастыруды қамтамасыз ету.

Жоспар құрылымы кіріспеден, негізгі бөлімнен, қорытындыдан тұрады.

Күрделі жоспар – бірнеше қадамнан тұратын, бірнеше маңызды аспектілерді қарастыратын жоспар. Ол мақсатқа жету үшін қажетті барлық әрекеттерді жүйелі ұйымдастыруға мүмкіндік береді.



5-тапсырма. Төменде берілген тақырыптардың бірін топта талдаңдар. Шешендік сөздерді қолданыңдар.

- Тақырыпты зерттеп, ақпараттар жинаңдар.
- Жиналған ақпараттарды жүйелеп, тезистік жоспар құрыңдар.
- Әр бөлімде қандай негізгі ойлар мен дәлелдер қолданатындарыңды ойлап, жоспарды негіздеңдер.
- Жоспарға сүйеніп ауызша мәтін құрап айтыңдар. Мәтінде фонетикалық принципке негізделген 3 сөз (сөз тіркесі) болсын.
- Топтардың жауаптарын бағалаңдар.

Тақырыптар:

- 1) Ұлттық бірлік пен бейбітшіліктің маңызы
- 2) Қазақстанда бейбітшілік пен келісімді қалай нығайтуға болады?
- 3) Ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісімнің менің өміріме әсері

6-тапсырма. «Бейбіт күн жасасын әлемде!» тақырыбына эссе жазу үшін қажетті ақпараттарды жина, жоспар құр. Жоспарға сүйеніп тақырыпқа сәйкес эссе жаз. Фонетикалық принципке негізделген 3 сөз, 2 сөз тіркесін орынды қолдан.

БІЛІМ ТАРАЗЫСЫ

«3,2,1» рефлексиясы арқылы сабақты қорытындыла.

3. Бүгінгі сабақтан алған 3 маңызды ақпарат.
2. Бүгінгі сабақта қиындық тудырған 2 аспекті.
1. Бүгінгі сабақта ұнаған 1 іс-әрекет.

4

Зайырлы қоғам және жоғары руханият. Тарихи-дәстүрлі принцип



Бүгінгі сабақта:

- мақала құрылымы мен рәсімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажыратасың;
- мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазасың.

ОЙ КЕРУЕНІ

Сөздерді оқы. «Жоғары руханият» ұғымын қалай түсінесің? Осы ұғымға қатысты сөздерді анықта. Сөздер орфографиялық нормаға сай жазылған ба? Оны қалай түсіндіресің?

- | | |
|--------------|-------------|
| 1. Әдебиет | 6. Мәдениет |
| 2. Мекеме | 7. Ар-ождан |
| 3. Өнеркәсіп | 8. Ізгілік |
| 4. Өнер | 9. Дәстүр |
| 5. Табиғат | |



БІЛГЕНГЕ МАРЖАН

Тарихи-дәстүрлі принцип – сөздердің әуелгі тұлғасында емес, тілде қалыптасқан тұлғасы бойынша жазылуы. Араб және парсы тілдерінен енген бірқатар сөздерді *х, һ* әріптері арқылы жазу да тарихи-дәстүрлі принципке негізделген. Мысалы: *хал, хат, хабар, гауһар, жиһан, қаһарман, спорт, акционер, кандидат, халық, тарих* т.б.

Бұл сөздерге қосымшалар фонетика-морфологиялық принципке сәйкес соңғы буынның жуан-жіңішкелігіне қарай жалғанады. Мысалы: *гауһар+ды, акционер+лер, хат+пен* т.б.



1-тапсырма. Мәтінді оқып, фонетикалық, тарихи-дәстүрлі принциптерге сәйкес қолданылған сөздер мен сөз тіркестерін анықта. Таңдауыңды түсіндір.

Қоғамның дамуы әрқашан құндылықтарға сүйенеді. Ал құндылықсыз өмір сүретін халық болмайды. Қазақ халқының мыңдаған жылдық тарихына үңілсек, елдіктің арқауы әрқашан бірлік пен руханият болғанын көреміз. Бүгінде Тәуелсіз Қазақстанның «Мәңгілік Ел» атты идеясы бар. Оның жеті тірегінің ішінде үшінші құндылық – зайырлы қоғам және жоғары

руханият. Бұл құндылықтың мәні – мемлекетіміздің тұрақтылығын сақтап, әрбір азаматтың ар-ождан бостандығына, сондай-ақ мәдениеті мен адамгершілігіне сүйенген қоғам құру.

Зайырлы қоғам – өркениетті елдердің басты белгісі. Бұл дегеніміз – мемлекет пен діннің ара-жігі ажыратылған, әрбір адамның таңдау құқығы мен сенім еркіндігі құрметтелетін орта. Зайырлы елде ешкім дінді күштеп таңбайды, әркім жүрек қалауымен сенеді немесе сенбейді. Мұның өзі татулыққа, бейбіт өмірге жол ашады. Өлемнің көптеген елдері дін мен мемлекеттің араласып кетуінен қиындық көргенде, Қазақстан көпконфессиялы қоғамда бейбіт өмір сүріп келеді. Бұл – зайырлылықтың жемісі.

Алайда қоғамды тек заңдар мен ережелердің күшімен ұстап тұру мүмкін емес. Сол себепті руханият мәселесі алдыңғы қатарға шығады. Жоғары руханият дегеніміз – адамды ізгілікке жетелейтін, арды ойлайтын, имандылыққа шақыратын, өнер мен мәдениетті дәріптейтін құндылықтар жиынтығы. Қазақ халқы – ежелден рухани бай халық. «Жетімін жылатпаған, жесірін қаңғытпаған» дәстүрдің түбінде де жоғары руханият жатыр.

Қазіргі жаһандану заманында материалдық құндылықтар бірінші орынға шығып кеткендей әсер береді, бірақ халықты алға сүйрейтін, ұрпақты биікке көтеретін – рухани байлық. Сондықтан «Мәңгілік Елдің» осы үшінші құндылығы әрқайсымыз үшін бағдаршам іспетті. Біз ғылым мен білімді меңгере отырып, ана тілімізді, мәдениетімізді, дәстүрімізді сақтап, жас ұрпаққа жеткізе алсақ қана шын мәнінде рухани бай ел боламыз.

Зайырлы қоғам мен руханият – бір-бірін толықтыратын егіз ұғым. Еркіндік болса да, ол рухани құндылықтармен шектелмесе, қоғам әлсірейді. Ал руханият болса да, еркіндік жоқ болса, адам дамымайды. Демек, осы екеуінің үйлесімді дамуы – Қазақстанның болашағының кепілі.

Қазақстанда түрлі этнос өкілдері өз мәдениеті мен дінін еркін сақтап, бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүруде. Бұл – зайырлылық пен руханияттың үйлескенінің айқын дәлелі.


«Мәңгілік Елдің» үшінші құндылығы – бүгінгі күннің де, келешектің де басты ұстанымы. Біз зайырлы қоғам орната отырып, жоғары руханиятты сақтасақ, Қазақстан шын мәнінде өркениетті мемлекетке айналып, Мәңгілік Ел мұратына жетеді.

(Ж.К. Сыздыкова)



2. «Ой картасы» әдісі арқылы оқыған мәтіннің құрылымын анықтаңдар.

1. Ой картасының ортасына мәтіннің тақырыбын жаз.
2. Шет жағына негізгі бөлімдегі негізгі ойларды орналастыр.
3. Төменгі бөлікке мәтіннің қорытынды ойын түсір.
4. Ойды жазу барысында орфографиялық норманы сақта.



3-тапсырма. Оқыған мәтінге қатысты сұрақтарға мәтіннен дәлелдер келтіре отырып жауап бер.

- Оқыған мәтін қай тақырыпқа жазылған?
- Мәтін кімдерге арналған деп ойлайсың?
- Мәтіннің стилін анықта.
- Мәтіннің жанрын анықта.
- Мәтін қандай бөлімдерден тұрады? Әр бөлімдегі ақпараттарды қысқаша айт.

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН

Мақала – ғылыми, ақпараттық, танымдық немесе қоғамдық мәселелерді талқылайтын, қысқаша әрі тұжырымды жазылған жазба мәтін. Мақалада автор белгілі бір тақырыпты зерттеп, өз пікірін, дәлелдерін, тұжырымдарын оқырманға ұсынады.

Мақаланың құрылымы кіріспеден, негізгі бөлімнен, қорытындыдан тұрады. Кіріспеде мақала тақырыбы мен мақсаты таныстырылып, мазмұнның маңыздылығы қысқаша түсіндіріледі. Негізгі бөлімде мақаланың негізгі идеясы, көтерілген мәселе, оған қатысты пікірлер, әртүрлі дәлелдер, фактілер, мысалдар келтіріледі. Тақырып толық ашылу үшін негізгі бөлім бірнеше абзацтан тұрады. Қорытындыда мақалада айтылған ойлар, идеялар жинақталып, тұжырым жасалады. Бұл бөлімде болашақта осы мәселеге қатысты жасауға болатын ұсыныстар, шешімдер немесе зерттеулер беріледі.

Мақала дұрыс **рәсімделуі** үшін *тақырып* негізгі ойды білдіретіндей нақты және қысқа, *құрылымы жоспарлы* және *көлемі орташа не қысқа* (тақырыптың не зерттеудің тереңдігіне байланысты көлемді болуы да мүмкін), *түсіндірмелер мен дәйексөздер* талапқа сай (сілтемелері, дереккөздері) дәл болуы тиіс.

Мақала көтерілген мәселеге байланысты *ғылыми* немесе *публицистикалық*, кейде *көркем әдеби стильде* жазылады.

Мақаланың төрт түрі бар: **бас мақала** (үкіметтің алға қойған саяси, шаруашылық, мәдени міндеттері түсіндіріліп, іске бағыт беріледі); **проблемалық мақала** (шешуді, тексеруді, зерттеуді қажет ететін теориялық және тәжірибелік мәселелерді көтереді); **насихаттық мақала** (ғылым, техника, өнер жаңалықтары); **публицистикалық мақала** (қоғамдық-әлеуметтік және саяси маңызы бар оқиғалар көтеріңкі үнмен, көркем тілмен жазылады).

4-тапсырма. Жоғарыдағы анықтамаға сүйеніп, 1-тапсырмада берілген мақаланы талда.

Мақаланың	дәлелдемесі
түрі	
тақырыбы	
көтерілген мәселе	
құрылымы	
рәсімделуі	
стилі	



5-тапсырма. «Біз үшін жайлы қоғам» тақырыбына мақала жаз. Тарихи-дәстүрлі принципке сәйкес сөздерді орынды қолдан. Мақала құрылымын, рәсімделуін, стилін сақта.

6-тапсырма. Зайырлы қоғам мен жоғары руханияттың белгілерін тізімдеп жаз. Таңдауыңды түсіндір.

Зайырлы қоғам	Жоғары руханият

7-тапсырма. «Рухани құндылықтың менің өміріме және қоғамға ықпалы» тақырыбында шағын мақала жаз.

Нұсқаулық:

- Мақаланың құрылымын, рәсімделуін, стилін сақта.
- Тарихи-дәстүрлі принципке негізделген сөздерді орынды қолдан.
- Стилдік, орфографиялық, пунктуациялық нормаларды сақта.
- Мақала көлемі: 150–200 сөз.

БІЛІМ ТАРАЗЫСЫ

Клишеге сүйеніп үш сөйлеммен сабақты қорытындыла.

Клише:

Бүгінгі сабақта мен ...

Сабақ барысында ... әдістерді қолдандым.

Нәтижесінде ...

5

Индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өнім. Морфологиялық принцип



Бүгінгі сабақта:

- мәтін мазмұны бойынша дайындалған сұрақтарға болжаммен жауап беріп, түпнұсқамен салыстырасың;
- мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазасың.

ОЙ КЕРУЕНІ

Берілген сөздердің қай қатарға тиесілі екенін анықта.

ИНДУСТРИЯ

1. Өндіріс
2. Ғылыми зерттеу
3. Зауыт
4. Кәсіпорын
5. Жасыл энергия
6. Мобильді қосымшалар
7. Металл, мұнай, газ
8. Экономика
9. Жаңа технология
10. Стартап
11. Робототехника
12. IT-жобалар

ИННОВАЦИЯ

1-тапсырма. Суреттерге қара. Бұл суреттерде нелер бейнеленген? Олардың Қ.И. Сәтбаев есімімен қандай байланысы болуы мүмкін деп ойлайсың?





2-тапсырма. Бейнежазбаны мұқият қарап, төмендегі ақпараттардың дұрыс не бұрыс екенін тексер. 1-тапсырманы орындау барысында айтқан жауабыңды түпнұсқамен салыстыр.

Ақпараттар	Дұрыс ✓	Бұрыс ✗
Ол артына екі түрлі ұлы игілік қалдырды: бірі – Жезқазған кен орындары, екіншісі – Қазақстанның Ғылым академиясы.		
Қаныш қалдырған ең өзекті һәм жетінші ісі жоғарыда аталған ғылыми еңбегінен тарайды, ол – Қазақ геологиялық ғылыми институтының қорында сақтаулы тұрған «Орталық Қазақстанның металлогениялық болжам картасы».		
1975 жылы Қ. Сәтбаев ғылымға белгісіз Үлкен ғаламшар ашты.		
«Сәтбаев ғаламшары» ғарышты мәңгі шарлайды.		

СӨЗДІК

Бейнежазба мәтінінде кездескен жаңа сөздерді есте сақта.

- 1. Астероид, ғаламшар** – күн жүйесіндегі шағын денелер.
- 2. Астрономия** – жұлдыздар мен ғарыш денелерін зерттейтін ғылым.
- 3. Металлогения** – металдардың орналасу заңдылықтарын зерттейтін ғылым саласы.
- 4. Эшелондау** – теміржол немесе тасымалдауда тауарларды бірінен соң бірін жөнелту.



3-тапсырма. Төмендегі сөздердің айтылуы мен жазылуында айырмашылықтар бар ма? Олар қалай жазылады?

Сәтбаев, металлогениялық болжам картасы, геология, басшы, тасжол, айта алмады, Сарыарқа, ақ лақ, қосшы.

Айтылуы	Жазылуы
Сәтпайып	Сәтбаев
...	...

Морфологиялық принцип – сөздердің бастапқы түбір тұлғасының сақталып жазылуы. Мұнда сөздердің айтылуында көршілес дыбыстардың дыбыстық өзгерістерге түсуі ескерілмей, түбір тұлғасы сақталып жазылады. Мысалы: *сенбі (сембі емес), тұңгі (тұңгі емес), Жанпейіс (Жәмпейіс емес), Сәтбаев (Сәтпаев емес), басшы (башшы емес) т.с.с.* Морфологиялық принцип бойынша сөздің түбірі де, қосымша да өз тұлғаларын сақтап жазылады.



4-тапсырма. Кестедегі ақпараттарды оқып, Қ.И. Сәтбаевтың еңбектерінің маңызын түсіндір.

Қ.И.Сәтбаевтың 8 ерлігі	
еңбектері	маңызы
1. Жезқазған	
2. Қазақстанның ғылым академиясын ашуы	
3. Қазақ геологиялық ғылымдар институтын (ҚазГҒИ) ашуы	
4. Жезді кенішін ашып, Орал металлургия зауытын шикізатпен қамтамасыз етуі	
5. Жезқазғанның мысын өндіріп, Балқашқа жөнелтуі	
6. Маңғыстау мен Атырау алқабындағы мұнай кен орнын табуы	
7. Орталық Қазақстанның металлогениялық болжам картасы	
8. Жаратылыстың тегі жайлы таңғажайып болжамдары (аяқталмаған зерттеуі)	



5-тапсырма. Бейнежазба мәтініндегі және қосымша дереккөздердегі мәліметтерді пайдаланып, «Тұңғыш академиктің туындылары» тақырыбына мақала жаз. Нұсқаулықты басшылыққа ал.

Нұсқаулық:

- Тақырыпты ашатын ақпараттарды жинаңдар.
- Ақпараттарды жүйелеп, күрделі жоспар құрыңдар.
- Жоспарды тексеру үшін ауызша өз орталарыңда ой бөлісіңдер.
- Жоспарға сүйеніп мақала жазыңдар.

- Мақала мәтінінде фонетикалық принципке негізделген 2, дәстүрлі-тарихи принципке негізделген 2, морфологиялық принципке негізделген 2 сөзді орынды қолданып, астын сызындар.
- Жазған жұмыстарыңды келесі топқа беріп, өздерің алған басқа топтың мақаласын редакциялаңдар.
- Мәтін қандай бөлімдерден тұрады? Әр бөлімдегі ақпараттарды қысқаша айт.



6-тапсырма. «Ой керуені» айдарында берілген тірек сөздерді, бейнежазбадағы ақпараттарды пайдаланып «Қазақстандағы индустрияландыру қарқыны мен инновациялардың дамуы» тақырыбында 1 минут сөйлендер.

Ақ қалпақтылар	Деректер	Нақты фактілерді айтады.
Қызыл қалпақтылар	Сезім	Мәселенің маңызын бағалайды.
Қара қалпақтылар	Сын-пікір	Мәселеге сыни пікір айтады.
Сары қалпақтылар	Артықшылық	Мәселенің позитивті жақтарын айтады.
Жасыл қалпақтылар	Шығармашылық	Мәселеге қатысты өз идеясын ұсынады.
Көк қалпақтылар	Үдеріс	Алдағы 5 жылда атқаратын іс-әрекеттерді жоспарлайды.



7-тапсырма. «Инновация мен индустрия – жарқын болашақ кепілі» тақырыбына Үндеу жаз. Жазба жұмысында фонетикалық, морфологиялық, тарихи-дәстүрлі принциптерге негізделген 12 сөзді қолданып, астын сыз.

БІЛІМ ТАРАЗЫСЫ

«ҚҚҚ» әдісі арқылы сабақты қорытындыла.

- Қызық болды: ...
- Қиын болды: ...
- Құнды болды: ...

**Бүгінгі сабақта:**

- қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, ғылыми тақырыптарға байланысты әртүрлі жанрдағы кең көлемді мәтіндердегі (Жолдау) мақсатты аудитория мен көркемдегіш құралдардың рөлін талдайсың;
- мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазасың.

ОЙ КЕРУЕНІ

Жақшаны ашып, мақал-мәтелдерді толықтырып оқы. Олардың қай тақырыпқа арналғанын анықта.

1. Еңбегің егіз болса, байлығың ... болады. (екеу, біреу, сегіз)
- Еңбегің қатты болса, татқаның ... болады. (ащы, тұзды, тәтті)
2. Еңбек еткен – ... жеткен. (мұратқа, байлыққа, құрметке)
3. ... қарай – құрмет (Ниетіне, Ісіне, Еңбегіне),
... қарай – ізет (Ісіне, Жасына, Бойына).
4. Еңбекқор ұйқыдан ширап тұрады, ... ұйқыдан қирап тұрады. (Еріншек, Жалқау, Білімпаз)



1-тапсырма. Мәтінді тыңдап, тест сұрақтарына жауап бер.

- 1) Шығармадағы бас кейіпкер
 А) Қыпшақ Ә) Қабырға Б) Сейітқұл В) Қоқан
- 2) «Тобыр» сөзінің мағынасы
 А) сіңірі шыққан кедей Ә) өте көп адам
 Б) әскери жасақ В) бай адамдар
- 3) Отыз үйлі тобырын ертіп Сейітқұл қоныстанған жер
 А) Үргеніш Ә) Қоқан Б) Қабырға В) Қыпшақ
- 4) Қыпшақ Сейітқұлдың отыз үйлі тобырымен алғашында мекен еткен жері.
 А) Торғай төресі Ә) Үргеніш
 Б) Түркістан жақ В) Қоқан хандығы
- 5) Жаңа мекенде Сейітқұлдың айналысқан кәсібі
 А) мал сату Ә) егін егу
 Б) үй салу В) барымтамен мал алу
- 6) Бес-алты жылда Сейітқұлдың елі
 А) 30 үйге жетті Ә) 400 үйге жетті
 Б) 200 үйге жетті В) жүз үйден астам

7) Шығарма идеясына сай келетін мақал

А) Төртеу түгел болса, төбедегі келеді, алтау араз болса, ауыздағы кетеді.

Ә) Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей.

Б) Еңбектеген баладан еңкейген қарияға дейін қалмады.

В) Еңбек оздырады, ойын тоздырады.



2-тапсырма. Берілген сөздер мен сөз тіркестерін орфографиялық принцип түрлеріне сәйкес жікте.

Халық, барымта, тауып алады, мына жағы, жаздыгүні, егін егіпті, шығыр салыпты, астықтың артығын, жұрт ағасы, тауар, кент, түнгі, Үргеніш жағында, Сейітқұл, айырбас сауда

Морфологиялық принцип	Фонетикалық принцип	Тарихи-дәстүрлі принцип
-----------------------	---------------------	-------------------------



3-тапсырма. 2-тапсырмада берілген сөздердің айтылуы мен жазылуына назар аударып, төмендегі сұрақтарға жауап бер.

1. Айтылуы мен жазылуында айырмашылық бар сөздер мен сөз тіркестерін оқы. Айырмашылықтың себебін түсіндіріп көр.
2. Барлық буында қолданылатын дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықта.

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН

Жалаң дауыстылар: а, ә, е, о, ө, ұ, ү, ы, і, э.

Қосарлы дауыстылар: ё (йо), и (ый, йй), у (уу, үү), ю (йуу, йүу), я (йа).

Барлық буындарда жазылатын дауыстылар: а, е, ы, і.

Буын талғайтын дауыстылар: ә, о, ө, ұ, ү. Олар біріккен сөздер мен қос сөздердің екінші сыңарларының басқы буындарында жазылады. Мысалы: дәрі-дәрмек, Есенәлі, жөн-жосық, өте-мөте, басқұр, кешқұрым, бүрсігүні т.б.

Кірме әріптер: ё, э.

Ескерту: сөз басында ж, ш дыбыстары мен й дыбысының ортасында келген а дыбысы көбінесе жіңішке ә болып айтылады, алайда а әрпі жазылады. Мысалы:

жазылуында – жай, айтылуында жәй,

жазылуында – жайлау, айтылуында жәйлау, т.б.

Сөздің алғашқы буынындағы не алдыңғы буындарындағы жіңішке дауыстылардың әуенімен келесі буында жіңішке айтылатын ә дыбысының орнына а әрпі жазылады. Мысалы: ләззат (айтылуы – ләзәт, жазылуы – ләззат), рәсуа (айтылуы – ірәсуә), Жәмила (айтылуы – Жәмилә) т.с.с.

Ә, ұ, ү әріптері мына сөздердің екінші буындарында жазылады: *сірә, кінә, куә, іңкәр, күмән, шүбә, зәмзәм, мүсәпір, дүдәмал, Күләш, Күләй, Күләнда, бұлбұл, мақұл, байғұс, мәжбүр, әңгүдік, дүлдүл.*

Сөздің басында, ортасында, орыс тілінен енген сөздердің соңында кездесетін дауыссыздар: *б, в, г, д.*

Сөздің басында да, ортасында да, соңында да жазылатын дауыссыздар: *ж, з, к, қ, л, м, н, п, р, с, т, ф, х, Һ, ш.*

Тек дауыстылардан кейін жазылатын дауыссыз: *й.*

ң әрпі сөздің ортасында және соңында, ал *г* әрпі сөздің басында және ортасында ғана келеді.

Кірме сөздерде жазылатын дауыссыздар: *ф, ц, ч, ы, Һ.*

Ескерту: *Щ* әрпі қазақтың байырғы сөздерінен *ащы, тұщы, кеше* деген сөздерде ғана жазылады, *ф* әрпі араб, парсы тілдерінен енген кейбір жалқы есімдер мен бірен-саран жалпы есімдер және одағайларда жазылады. Мысалы: *Фазыл, Фәрида, Фәтима, саф, фәни, тіфу т.б.*

Б, ғ таңбалары орыс тілінен енген сөздерде айыру және жіңішке-лік белгісі ретінде ғана жазылады. Мысалы: *сғезд, объект, альбом, асфальт, вексель т.б.*



4-тапсырма. Мәтінді қайта тыңдап, дауыстылар мен дауыссыздар емлесіне мысалдар келтіріңдер.



5-тапсырма. Тыңдаған мәтіннен алынған көркемдегіш құралдарды түрлеріне қарай ажырат.

Үзінділер	Эпитет	Метафора	Кейіптеу	Теңеу
<i>Қалың Қыпшақ</i>				
<i>Еңбегі адал болған соң жер-ана да барын ұсынды.</i>				
<i>Ел жиылып, Сейітқұл жұрт ағасы болды.</i>				
<i>Сулы Қабырға өлкесі мейірін төгіп, 30 ұйлі тобырды құшақ жая қарсы алды.</i>				

ҚАЙТАЛАУ – БІЛІМ АНАСЫ

Эпитет – заттың, құбылыстың ерекшелігін, сыр-сипатын бейнелі түрде танытатын поэтикалық және стилистикалық ұғым. Мысалы: *алтын күз, күміс кесе т.б.*

Метафора – троптың бір түрі. Құбылыстар мен заттардың ұқсастық белгілері негізінде астарлы мағынада қолданылуы. Мысалы: *жастықтың оты, көкірек көзі, табиғат-ана т.б.*

Теңеу – заттың не құбылыстың ерекше белгілерін басқа затпен не құбылыспен салыстыра суреттеу. Мысалы: арыстандай айбатты, желдей зуылдап Шұбар ат келеді т.б.

Кейіптеу – табиғат құбылыстарын жандандырып, адам кейпінде суреттеу. Мысалы: «Мөлдіреген Жетімкөл көкке қарап, Мөлдіреген көз жасын тыя алмай тұр... (М. Мақатаев).



6-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер. Сыныптасыңның жауабын бағала.

- 1) «Жерді суарсаң, ол сенің анаңдай болады. Жер еңбекпен түлейді». Осы сөйлемдерде қандай көркемдегіш құралдар қолданылған?
- 2) «Жерді анаға теңеу» неге әсерлі шыққан деп ойлайсың?
- 3) «Жер еңбекпен түлейді» деген кейіптеудің шығармадағы негізгі идеямен байланысын түсіндір. Бұл көркемдегіш құрал арқылы автор халықты қандай құндылыққа шақырып отыр?
- 4) Әңгіменің мақсатты аудиториясын анықта.



7-тапсырма. Әңгімеден бір көркемдегіш құралды алып, «Кубизм» әдісі арқылы талда.

1. Сипатта (қандай көркемдегіш құрал?).
2. Салыстыр (басқа көркемдегіш құралмен салыстыр).
3. Қолдан (жаңа сөйлем құрастыр).
4. Талда (неге әсерлі?).
5. Байланыстыр (өмірмен, еңбек тақырыбымен).
6. Бағала (құралдың мәтінге қосқан рөлі).



8-тапсырма. RAFT әдісін қолданып, Үндеу жаз.

Рөл: Сейітқұл

Аудитория: ауыл адамдары

Форма: Үндеу

Тақырып: «Еңбектің пайдасы»

Нұсқаулық:

- Әр топ 7-8 сөйлемнен тұратын Үндеу жазады.
- Үндеуде 4 көркемдегіш құралды орынды қолданады.
- Дауысты, дауыссыз дыбыстардың емлесіне қатысты 4 сөздің айтылуы мен жазылуын түсіндіреді.



9-тапсырма. Көркемдегіш құралдарды қолдана отырып, «Қазіргі қоғамдағы еңбектің рөлі» деген тақырыпқа 100–120 сөзден тұратын ойтолғау жаз.

БІЛІМ ТАРАЗЫСЫ

«Ойды жалғастыр» әдісі бойынша сабақты 2 сөйлеммен қорытындыла.

Бүгінгі сабақтан алған ең маңызды ақпаратым:

Сабақта мен үшін қиын болған сәт:

Тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы. Бірге, бөлек, дефис арқылы жазылатын сөздер



Бүгінгі сабақта:

- мақсатты аудиторияның қызығушылығын ынталандыру үшін әртүрлі жанрда мәтіндер құрауда шешендік сөздерді орынды қолданасың;
- мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазасың.

ОЙ КЕРУЕНІ

Сұрақтарға жауап бер.

1. Тарих, мәдениет және тіл бір-бірімен қалай байланысты?
2. Тіл халықтың тарихы мен мәдениетін сақтауда қандай рөл атқарады?
3. Мәңгілік елдің алтыншы құндылығы несімен құнды деп ойлайсың?



1-тапсырма. Мәтінді мұқият тыңдап, нұсқаулықта берілген тапсырмаларды орында.

Нұсқаулық:

1. Күлтегіннің «Елін сүйген ер бақытты» деген нақыл сөзінің мәнін түсіндір.
2. Нақыл сөзді қазіргі қоғаммен байланыстыр:
 - бұл нақыл жастарға қандай өнеге береді?
 - бұл ой әлемдік құндылықтармен қалай үндеседі?
3. Жауаптарды сыныпта тыңдап, бағала.



2-тапсырма. Берілген сөздердің ішінен бірге, бөлек, дефис арқылы жазылатын сөздерді анықта. Неге бірге немесе бөлек жазылатынын түсіндір.

Күл тегін, Құтлұғ қаған, әр түрлі, он алты, 16 желтоқсан, 54-үй, Орхон жазба ескерткіштері, ел билеу ісі, бүгін, Өли хан, ата-ана, Уәли бек, бір адам, бүкіл әлемдік, мән-жайын.

Бірге жазылатын сөздер: ...

Бөлек жазылатын сөздер: ...

Дефис арқылы жазылатын сөздер: ...

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН

Екі немесе одан да көп түбірден құралып, *бірге жазылатын сөздер біріккен сөздер* деп аталады. Біріккен сөздерге тұлғасы өзгертіліп барып біріккен, *еш, әр, кей, бір, қай, әлде* сөздерімен біріккен, терминдер, аң-құс, жан-жануар, өсімдік атаулары, *аралық, тану, сымақ* сөздерімен біріккен, фото, электр, радио, авто, кино, гидро, транс, инфра, ультра, изо, гипер сөздеріне тіркескен

қазақ сөздерінің бірігуінен, кісі аттары, географиялық атаулар, кісі аты-жөніндегі *ұлы, қызы* сөздерімен тіркескен күрделі сөздер **біріккен сөздерге** жатады. Мысалы: *бүгін, фотосурет, әуежай, инфрақұрылым, жүрекжарды, беторамал, Б.Аманұлы т.б.*

Бөлек жазылатын күрделі сөздер *тіркесті сөздер* деп аталады. Күрделі атаулар, күрделі сан, сын есімдер, етістік, *еш, әр, кей, бір, қай, әлде* есімдіктері тіркескен зат есімдер, тұрақты сөз тіркестері **тіркесті сөздерге** жатады. Мысалы: *Қазақстан Республикасы, он екі, көк ала, оқып отыр, еш адам, ұл бала, орман жілік т.б.*

Дефис арқылы жазылатын сөздерге қос сөздер (ата-ана), ғылыми дәреже, атақтар (вице-министр, Гран-При), қосалқы мүшелі күрделі атаулар (кафе-бар), цифрмен жазылған реттік сан есімдер (82-үй), цифрмен таңбаланған сандар мен қосымшалы сөздер (13-те, 25-ке), *-ақ, -ай, -ау, -ды, -ді, -ты, -ті, -мыс, -міс* шылаулары, кейбір одағайлар (моһ-моһ), түркі, парсы т.б. халықтар есімдерінде келетін *паша, бей, заде, оглы* сөздері (Осман-паше), араб халықтары есімдерімен келетін *әл, аш, ар, аз, бен* сияқты элементтер (әл-Фараби), математикалық таңбалар мен қосымшалар арасына (ҚазМПУ-де, 15%-ы), басқа тілде дефиспен жазылатын жалқы есімдер (Дон-Кихот) жатады.



3-тапсырма. Төмендегі мәтіннен бірге, бөлек, дефис арқылы жазылатын сөздерді анықта. Осылай жазылу себебін түсіндір.

Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» («Құтты білік») дидактикалық поэмасының басты идеясы төрт принципке негізделген. Біріншісі – мемлекетті дұрыс басқару үшін қара қылды қақ жаратындай әділ заңның болуы. Автор әділдіктің символдық бейнесі ретінде Күнтуды патшаны көрсетеді. Екіншісі – бақ-дәулет, яғни «елге құт қонсын» деген тілек. Бақ-дәулет мәселесі патшаның уәзірі Айтолды бейнесі арқылы жырға қосылған. Үшіншісі – ақыл-парасат. Ақыл-парасаттың қоғамдық-өлеуметтік рөлі уәзірдің баласы Ұғдүлміш бейнесінде жырланады. Төртіншісі – қанағат-ынсап мәселесі. Бұл мәселе дастанда уәзірдің туысы, дәруіш Ордғұрміш бейнесі арқылы әңгіме болады. Баласағұнның «Құтадғу білігінде» өмір мәні пайымдалып, жалпы адамзаттық рухани байлықтар – мұрат, дін, этика, өнер және даналықтың мәні сараланған.



4-тапсырма. «Құтты білік» дастаны туралы ақпараттарды пайдаланып, «Үздіктер кеңесі және Мәңгілік Ел құндылығы» деген тақырыпқа диалог құрыңдар. Диалог дайын болған соң, топта рөлге бөліп көрсетіңдер. Диалогті құру барысында келесі нұсқаулықты пайдаланыңдар:

1. Диалогтің мақсатты аудиториясын анықтаңдар.
2. Төрт оқушы төрт кейіпкердің рөлін сомдайды: Күнтуды (әділдік), Айтолды (бақ-дәулет), Ұғдүлміш (ақыл-парасат), Ордғұрміш (қанағат-ынсап).
3. Әр кейіпкер өз қағидасын Мәңгілік Елдің «Тарих, мәдениет және тілдің ортақтығы» атты құндылығымен үлгі бойынша байланыстырып түсіндіреді.

Үлгі:

- Күнтуды (әділдік): *«Әділ заң мен билік біздің ортақ тарихымыздың сабақтастығын сақтайды. Әділетсіз ел тарихын жоғалтады».*
- Айтолды (бақ-дәулет): *«Бақ-дәулет деген – тек байлықта емес, ол халықтың мәдениеті мен дәстүрінде. Мәдениеті бай ел – мәңгілік ел».*
- Ұғдүлміш (ақыл-парасат): *«Ақыл-парасат тіл арқылы көрінеді. Тілі-мізді сақтау – даналықты, мәдениетті сақтаудың жолы».*
- Ордғұрміш (қанағат-ынсап): *«Қанағат пен ынсап – халқымыздың тарихында да, мәдениетінде де бар асыл қасиет. Ынсапты ел ғана берекеге жетеді».*

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН

Шешендік сөздер қазіргі кезде мақсатына, мазмұнына, сөйлесу шарттарына қарай 5 топқа жіктеледі:

1. *Әлеуметтік-саяси шешендік сөздер.* Бұларға осы тақырыптағы баяндамалар, жарыссөздер, митинг, съезд, сессияларда айтыла-тын сөздер, хабарламалар жатады.
2. *Академиялық шешендік сөздер.* Жоғары оқу орындарында оқылатын дәрістер, ғылыми баяндамалар, конференцияларда айтылатын сөздер, коуч сөздері, шолулар жатады.
3. *Сот ісінде қолданылатын шешендік сөздерге* прокурордың айыптау сөзі, әлеуметтік айтушылар мен қорғаушылар сөзі, адвокат сөзі, айыпкердің қорғану сөздері кіреді.

4. *Әлеуметтік шешендік сөздерге* мерейтойларда, салтанатты дастарқан басында, көпшілік алдында айтылатын сөздер енеді.
5. *Діни шешендік сөздерге* уағыздар, қабір басында, аста айтылатын сөздер жатады.



5-тапсырма. 5 топқа бірігіп, «Құтты білік» еңбегінің маңызы туралы шешендік сөздер дайындаңдар.

1-топ: әлеуметтік-саяси шешендік сөз

2-топ: академиялық шешендік сөз

3-топ: сот ісінде қолданылатын шешендік сөз

4-топ: әлеуметтік шешендік сөз

5-топ: діни шешендік сөз.

Регламент – 1 минут.



6-тапсырма. «Бір тарих, бір мәдениет, бір тіл» деген тақырыпта шағын мәтін жазыңдар.

1. Мақсатты аудиторияны, форманы, рөлді анықтап, шешендік сөздердің 1 тобына сәйкес мәтін дайындаңдар.

2. Мәтін мақсатты аудиторияның қызығушылығын оятатындай болуы керек.

3. Мәтінде бірге, бөлек, дефис арқылы жазылатын 6 сөз болуын қадағалаңдар.



7-тапсырма. «Мәңгілік Елдің берік діңгегі – қазақ тілі» тақырыбында ғылыми баяндама жаз. Көлемі – 100–120 сөз. Бірге, бөлек, дефис арқылы жазылатын сөздерді қолдан.

БІЛІМ ТАРАЗЫСЫ

«Өз сөзімнің дәлелі» әдісі арқылы сабақты қорытындыла.

1. Маған сабақ

2. Себебі

3. Сабақта берілген материалдар мен үшін

8

Ұлттық қауіпсіздік және әлемдік мәселелер. Шылау сөздер мен қосымшалардың жазылуы




Бүгінгі сабақта:

- тыңдайтын мәтін мазмұнын болжап, түпнұсқамен салыстырасың;
- мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазасың.

ОЙ КЕРУЕНІ

Төменде берілген суреттерді «Ұлттық қауіпсіздік» ұғымымен байланыстырып көр.



1-тапсырма. Берілген сұрақтарға болжаммен жауап бер.

- 1) Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің басты мақсаты не болуы мүмкін?
- 2) Сеніңше, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттің рөлі қандай?
- 3) Қандай қауіпсіздік түрлері бар деп ойлайсың?
- 4) Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қандай шаралар қабылдануы керек?
- 5) Әлемдік және өңірлік деңгейде Қазақстан қандай мәселелерге қатысады деп ойлайсың?
- 6) Қазіргі заманда Қазақстанға қандай қауіп-қатерлер төнуі мүмкін?
- 7) Ұлттық қауіпсіздікті сақтау тек мемлекеттің ғана емес, азаматтардың да міндеті болуы мүмкін бе? Неге?



2-тапсырма. Мәтінді тыңдап, кестеге сәйкес деректерді жазыңдар. Жазбаларыңа сүйеніп, қысқаша мазмұндап айтыңдар.

Қауіпсіздік түрі	Қорғалатын мүдделер	Қауіп-қатер көздері
Қоғамдық		
Әскери		
Саяси		
Экономикалық		
Ақпараттық		
Экологиялық		



3-тапсырма. Тыңдаған мәтін бойынша болжаған жауаптарың түпнұсқамен сәйкес келді ме? Салыстыр.

№	Сұрақтар	Болжам жауап	Түпнұсқа
1	Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің басты мақсаты не болуы мүмкін?		
2	Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде мемлекет қандай міндеттер атқарады деп болжайсыңдар?		
3	Қандай қауіпсіздік түрлері болуы мүмкін?		
4	Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қандай шаралар қабылдануы мүмкін?		
5	Әлемдік және өңірлік деңгейде Қазақстан қандай мәселелерге қатысады?		
6	Қазіргі заманда Қазақстанға қандай қауіп-қатер төнуі мүмкін?		
7	Ұлттық қауіпсіздікті сақтау тек мемлекеттің ғана емес, азаматтардың да міндеті болуы мүмкін бе? Неге?		

ҚАЙТАЛАУ – БІЛІМ АНАСЫ

Шылау сөздердің жазылуы

Шылау сөздердің басым көпшілігі тіркесетін сөзден бөлек жазылады (сабақтан соң, үйге дейін, күн сияқты т.б.), -ақ, -ай, -ау, -ды, -ді, -ты, -ті, -мыс, -міс шылаулары тіркесетін сөздерге дефис арқылы жалғанып жазылады (біреу-ақ, барған-ды).

Ескерту! ма, ме, ба, бе, па, пе, соң, да, де, та, те шылаулары тіркескен сөзбен кірігіп қолданғанда бірге жазылады (барған соң – барғасын, айтасың ба? – айтамысың т.б.)

Қосымшалардың сөздерге жалғану тәртібі. Сөздерге қосымшалар қазақ тілінің буын, дыбыс үндестігі заңдылықтарына сәйкес жалғанады. Яғни сөздің соңғы буыны жіңішке болса, қосымшаның жіңішке нұсқасы, сөздің соңғы буыны жуан болса, қосымшаның жуан нұсқасы жалғанады. Мысалы: *жапырақ+тар, диван+да, мұғалім+дер* т.б.

Буын үндестігіне бағынбайтын қосымшалар: *-бан, -гер, -кент, -хана, -стан, -еке, -жан, -қар, -кеш, -дар, -көй, гөй, -қор, -қой, -мар, -маш, -нікі, -дікі, -тікі, -паз, -тал, -уар, -мен, -бен, -пен*. Мысалы: *еңбекқор, өнерпаз, тілмаш* т.б.

Жалқы есімдер й, ш дауыссыз дыбыстарына аяқталса, *-ев (-ева)*, басқа дауыссыз дыбыстарға аяқталғанда, *-ов (-ова)*, дауыстыларға

аяқталса, *-ин (-ина)* қосымшалары жалғанады: *Сәтбай + ев – Сәтбаев, Сейфолла + ин – Сейфуллин, Шахан + ов – Шаханов. -ов, -ев* жұрнақтары арқылы жасалған фамилияларға қосымша түбірдің соңғы буынының жуан-жіңішкелігіне қарай жалғанады: *С. Жүнісовке, С. Исаевтың.*

Әріптерден қысқарған сөздерге қосымшалар оның айтылу әуеніне қарай, ал олардың ішінде дауысты дыбыс болса, сол дыбыстың айтылу әуеніне қарай дефис арқылы жуан не жіңішке болып жалғанады: *ПМПИ-ге, ПМУ-дың, ТУ-144-ке.*

Ескерту: *күнә, кінә, шұба, куә, іңкәр, құмән, Күләш, Күлән* сияқты соңғы буынында жіңішке *ә* әрпі жазылатын сөздерге қосымшалар жіңішке жалғанады, тек барыс, жатыс, шығыс жалғаулары мен етістік тудыратын *-ла* жұрнағы жуан айтылып, жуан жалғанады: *күнәсіз, күнәлі (бірақ кінәға, кінәдан, кінәсіна, кінәлау), куәсі, куәлік (бірақ куәға, куәдан), Күләштің (бірақ Күләшқа).*

Б, в, г, д әріптеріне бітетін сөздерге дауыссыз дыбыстан басталатын қосымшалар тек қатаң дыбыстан басталып жалғанады: *штаб-тан, педагог-тер, парад-қа, актив-ке, резерв-тік.*

Ст, сть, зд, сс, лл, кк, тт дыбыстар тіркесіне біткен сөздер түбір күйінде ешбір өзгеріссіз жазылады да, оларға қосымшалар жалғанғанда түбірдегі соңғы дауыссыз түсіріліп жазылады: *трест – трес-тің, трес-іне, ведомость – ведомос-қа, ведомос-ы, сьезд – сьез-ге, сьез-інің, металл – металдар, грамм – грамы, прогресс – прогреске,* алайда жалқы есімдерде сақталып жазылады: *Донбасс – Донбасстан, Гримм – Гриммге.*

Ауыл, дауыс деген бірен-саран сөздерге тәуелдік жалғауы жалғанғанда, айтылу (дыбысталу) ыңғайына қарай соңғы буындағы *ы, і* әріптері түсіріліп те, түсірілмей де жазыла береді: *ауылы, аулы, дауысы, даусы.*

П, х дыбыстарына аяқталатын кірме сөздерге дауыстыдан басталған қосымша жалғанғанда, *п, х* дыбыстары ұяңдамайды: *принцип – принципі, тип – типі, цех – цехы, тарих – тарихы.*

Орыс тілінен енген бірқатар кірме сөздер дыбысталуы қазақша қалыптасқан түрінде жазылады да, қосымшалар сөздің соңғы буынының жуан-жіңішкелігіне қарай жалғанады: *облысқа, по-йызға, бәтеңкеге, бөшке-ні, шот-қа, кір-ді (гиря), келі-ге (кило), зауытқа, тауарды.*

Қосымшалардың жіңішке түрде жалғануы:

- *рк, рг, нк, нг, кс, кт, ск, лк, нкт, кль, брь, бль* дауыссыздар тіркесіне аяқталған сөздерге (*полктер, Курскіде*);
- *ог, уг* дыбыстарына біткен сөздерге (*округтер*);

- соңғы буынында не бір буынды сөздің өзінде *и* дыбысы келгенде (*кассирге*);
- соңғы буынында *ю, э, ё* дауыстылары келетін сөздерге (*дуэльге*);
- жіңішкелік белгісіне аяқталатын бір буынды сөздерге (*оське*).

Қосымшалардың жуан түрде жалғануы:

- соңғы буынында не бір буынды сөзде *у* дыбысы бар орыс тілінен енген сөздерге (*автобусқа, курстың*);
- орыс тілінен енген сөздердің соңғы буынында *я* әрпі болса (*поляктар, разрядшы*);
- *х* дыбысына аяқталған сөздерге (*цехқа, тарихшы*).



4-тапсырма. Төмендегі сөздерді емлеге сәйкес қатесіз жазыңдар.

Вальс, фестиваль, бөлмеде тек екі ақ адам болды, қорықты ау деймін, сақ сақ күліп тұрыпты мыс, аквариум, баланс, грамм, актер, мотоцикл, процесс, Ульяновск, Әселмен Марал, С. Жүнісов, М. Әуезов.



5-тапсырма. Берілген жағдаятқа сәйкес мақала дайындаңдар. Мақалада шылау сөздер мен қосымшалардың жазылу емлесін сақтаңдар.

Жағдаят: *Елдің ақпараттық кеңістігіне кибершабуылдар жиілеп кетті.*

Сұрақтар:

- Бұл жағдайда ұлттық қауіпсіздіктің қай түріне қатер төнді?
- Мемлекет қандай шаралар қолдана алады?
- Сен азамат ретінде қандай үлес қоса аласың?



6-тапсырма. Мәтін бойынша 10 ашық тест сұрағын дайында.

БІЛІМ ТАРАЗЫСЫ

«Бес саусақ» әдісі арқылы сабақты қорытындыла.

1. Бүгінгі сабақта не ұнады?
2. Қандай жаңа білім алдың?
3. Не қиын болды?
4. Досыңа көмектескен жерің:
5. Әлі де білгің келетіні:



Бүгінгі сабақта:

- жазба жұмысын абзацтар мен бөліктерге бөліп, ойынды (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық түзетулер енгізіп, редакциялайсың.

ОЙ КЕРУЕНІ

Берілген сөздерді, сөз тіркестерін оқы. Оларға ортақ қандай белгіні байқадың?

«Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы, Жүсіп Баласағұн, Қаракерей Қабанбай, Кенесары Қасымұлы, Алаш партиясы, «Парасат» ордені, Қыпшақ Сейітқұл.

ҚАЙТАЛАУ – БІЛІМ АНАСЫ

8-сыныпта өткен бас әріптің жазылу емлесін еске түсіріп, мысалдар келтір

Бас әріппен жазылатын сөздерге жалқы есімдер (Жүсіп Баласағұн, Кереку), ең жоғары мемлекеттік қызмет аттары мен құрметті атақтар (Президент Әкімшілігі), мемлекеттік мекемелердің, ұйымдардың атауларының әр сөзі (Қазақстан Республикасы), нүкте, сұрау, леп белгілерінен кейінгі сөйлемнің бірінші сөзі, өлеңнің әр жолы, кісі аттарымен қабаттаса айтылатын және жалқы есімнің алдынан келетін тұрақты эпитеттер (Жаяу Мұса, Ер Төстік), Корея, Индонезия, Бирма, Тайланд т.б. халықтардың аты-жөнінің әрбәр сөзі (Ким Ир Сен, Хо Ше Мин), Бас әріптермен қысқарған сөздер (ТМД, БҰҰ, ҚР), түрлі мекемелердің, білім-ғылым орындарының т.б. күрделі атауларының бірінші сөзі (Павлодар мемлекеттік университеті), мифтік «иелердің», «құдайлардың», «әулиелердің» аттары (Ойсылқара, Зеңгі баба), малға, итке т.б. қойылған аттар (Тайбурыл, Құлагер), маңызды тарихи дәуірлердің, революция, оқиғалар мен мерекелердің аттары (Ұлы Отан соғысы, Конституция күні), бұрынғы ордендердің аттары («Қызыл жұлдыз» ордені), ресми құжаттардағы шартты атаулар (Жоғары

мәртебелі Президент мырза), аса маңызды құжат аттары (Тіл комитетін құру туралы Жарлық), ордендер мен медальдар аттары, құрметті атақтардың бірінші сөзі («Ардақты ана» ордені, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» төсбелгісі), кітап, газет, журнал аттары («Қартқожа» романы, «Айқап» журналы), көше, алаң, саябақ, шоссе, көпір, жол т.б. аттарының бірінші сөзі (Абай даңғылы, Сәтбаев көшесі), тұрақты эпитеттің орнында жұмсала-тын және жалқы есім алды-нан келетін ру аттары (Қызылқұрт Теке би, Қаракерей Қабанбай) жатады.

Ескерту. Мифологиялық, қиял-ғажайып бейнелердің тегін, затын білдіретін атаулар кіші әріппен жазылады: *пері, ібіліс, періште, шайтан, дию*.

Титулды білдіретін сөздер жалқы атаудың алдынан келсе, бас әріппен, соңынан келсе, кіші әріппен жазылады: *Әмір Темір, Ағатай хазірет*.

Найман, керей, албан, арғын, адай, қыпшақ, үйсін т.б. рулардың ішкі жіктерін көрсететін атаулардың жалқылық сипаты басым болса, бірінші сөзі бас әріппен жазылады: *Сары үйсін, Көлденең қыпшақ* т.б.



1-тапсырма. Мәтінді оқып, бас әріппен жазылған сөздердің жазылуын түсіндір.

Тәуелсіздіктің тұғыры болған тұлғалар

Тәуелсіздік – қазақ халқы үшін ең асыл мұрат, ғасырлар бойы арман болған бақ. Бұл жолға халқымыздың көптеген ұлы тұлғалары өз өмірін арнады. Олардың еңбегі мен ерлігі – бүгінгі тәуелсіздігіміздің берік іргетасы.

Қазақ халқының «Мәңгілік Ел» идеясы көне дәуірден бастау алады. Орхон-Енисей жазбаларында түркі халықтарының бірлігі мен елдігінің мәңгілік болуы жөнінде ойлар жазылған. «Түркі халқы үшін түн ұйықтамадым, күндіз отырмадым» деген Күлтегіннің сөзі – тәуелсіздік үшін күрестің айқын сипаты. Орта ғасырда да ғұламаларымыз Мәңгілік Ел мұратын дәріптеді. Әл-Фараби өзінің еңбектерінде әділетті қоғам орнатудың, ғылым мен білім арқылы елді көркейтудің жолдарын көрсетті. Оның «Қайырымды қала тұрғындары» трактатында айтылған ізгі қоғам – бүгінгі тәуелсіз Қазақстан халқы құндылықтарының рухани негізі. ХІ ғасырдағы Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік»

еңбегі де әділетті билік, парасатты басшы, ынтымақ пен білімнің маңызын түсіндірді. Қазақ хандығы дәуірінде Керей мен Жәнібек сұлтандар елдің дербестігін жариялап, хандықтың шаңырағын көтерді. Қасым хан, Есім хан, Тәуке хан ел бірлігін нығайтып, заң жүйесін қалыптастырды. Абылай хан мен халық батырлары Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай, Райымбек жоңғарға қарсы күресіп, елі мен жерін жаудан азат етті. XIX ғасырдағы Кенесары Қасымұлы бастаған қозғалыс, Исатай мен Махамбет ерліктері – тәуелсіздік-ке ұмтылыстың айқын көрінісі. Ал XX ғасырдың басында Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы бастаған Алаш қайраткерлері халықты білімге, ғылымға жетелеп, ұлттық мемлекет құруға талпынды.

1991 жылы халқымыздың ғасырлар бойғы арманы орындалып, Қазақстан тәуелсіздігін жариялады. Бұл – бабалар арманының жүзеге асқанының белгісі. Бүгінгі ұрпақтың міндеті – тәуелсіздікті нығайтып, «Мәңгілік ел» идеясын жалғастыру. Орхон жазуларынан бастап әл-Фараби мен Жүсіп Баласағұн еңбектеріне, Алаш арыстарының күресіне дейінгі тарихи сабақтастық – елдігіміздің алтын арқауы.

Тәуелсіздіктің тұғыры болған тұлғаларды ардақтау – өткенді құрметтеу ғана емес, болашаққа сенімді қадам басудың кепілі.

(Ж.К. Сыздыкова)



2-тапсырма. Төмендегі сөйлемдерді мәтіннің логикалық жүйесіне сәйкес ретте.

...	Әл-Фараби «Қайырымды қала тұрғындары» еңбегінде ізгі қоғам орнату идеясын айтты.
1.	Тәуелсіздік жолына ғұмырын арнаған жандар – қазіргі еркіндігіміздің негізін қалаушылар.
...	1991 жылы Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялады.
...	Алаш қайраткерлері қазақ халқының тәуелсіз ел болуын армандап, соған күш салды.
...	Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» еңбегі әділетті билік пен ынтымақты дәріптеді.
...	Орхон-Енисей жазбаларында түркі халқының бірлігі мен елдігінің мәңгілік болуы жайлы ойлар жазылды.
...	Қазақ хандығы дәуірінде Керей мен Жәнібек сұлтандар елдің дербестігін жариялады.
...	XIX ғасырда Кенесары Қасымұлы бастаған қозғалыс тәуелсіздікке ұмтылыстың көрінісі болды.



3-тапсырма. Сөйлемдердегі бас әріппен жазылатын сөздерді анықтап, жазылу себебін түсіндір.

қазақ хандығы дәуірінде керей мен жәнібек сұлтандар елдің дербестігін жариялап, хандықтың шаңырағын көтерді. қасым хан, есім хан, тәуке хан ел бірлігін нығайтып, заң жүйесін қалыптастырды. Исатай тайманұлы бастаған ұлт азаттық көтерілістің де түпкі мәні – тәуелсіздік үшін күрес. «халық қаһарманы» атағы иегері қасым қайсенов «егемен қазақстан» газетіне қандастар ерлігі туралы мақала жариялады.



4-тапсырма. Р.Қабидолдиннің «Егемен Қазақстан» газетіне жариялаған мақаласынан үзінді оқып, автор тұжырымына қатысты өз ойыңды айт.

... Айта берсең, тәуелсіздікті тұғырлы етудің алғышарты көп-ақ. Айбарлы армия, сындарлы саясат, әлеуетті экономика, тұтастық пен татулық қажет еркін елге. Бізде осының барлығы бар. Әлем елдерімен тереземіз тең, керегеміз кең. Ендігі керегі – асқақ рух пен тегеурінді толқын, саналы ұрпақ. Мәңгілік ел идеясын мұратына айналдыратын – осы екеуі. Олар тұрғанда тәуелсіздік деп аталар төтті ұғым да мәңгі жасайтын болады.



5-тапсырма. Абзацтар мен бөліктерге дұрыс бөліп, ойыңды дұрыс жүйелеп, логикалық түзетулер енгізе отырып, «Мәңгілік Ел – ұрпаққа аманат» тақырыбына аргументативті эссе жаз.

- Эссе кемінде 3 абзацтан (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды) тұрсын.
- Ойыңды жүйелі жеткізіп, логикалық байланысты сақта.
- Сөздерді дұрыс жазып, орфографиялық нормаға сай рәсімде.
- Аргументтерді мәтіннен және қосымша дереккөздерден алып қолдан.
- Эссе көлемі – 150–200 сөз.
- Бас әріппен жазылатын 5 сөзді (атауды) орынды қолдан.
- Басқа топтың жазба жұмысын редакциялап, бағала.



6-тапсырма. «Міржақып. Оян, қазақ!» фильмін көріп, шағын шолу жаз. Бас әріппен жазылатын 6 сөзді (атауды) қатесіз жазып, орынды қолдан.

БІЛІМ ТАРАЗЫСЫ

«Ойды жалға» әдісі арқылы сабақты қорытындыла.

Мен бүгін ... білдім.

Бұл маған ... үшін қажет.

Келешекте ... қолдана аламын.



БӨЛІМАРАЛЫҚ ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ

I. МӘҢГІЛІК ЕЛ – МҰРАТЫМ. СТИЛИСТИКА

1. Тәуелсіздік – бар адамның арманы. Шешендік сөздер	5
2. Тәуелсіз елдің бас қаласы. Орфография.....	10
3. Ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім. Фонетикалық принцип	14
4. Зайырлы қоғам және жоғары руханият. Тарихи-дәстүрлі принцип	18
5. Индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өнім. Морфологиялық принцип.....	22
6. Жалпыға ортақ еңбек қоғамы. Дауысты, дауыссыз дыбыстардың жазылуы	26
7. Тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы. Бірге, бөлек, дефис арқылы жазылатын сөздер	30
8. Ұлттық қауіпсіздік және әлемдік мәселелер. Шылау сөздер мен қосымшалардың жазылуы	34
9. Тәуелсіздіктің тұғыры болған тұлғалар. Бас әріптің қолданылуы.....	38

II. ЖАҢАҢДАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ. СТИЛИСТИКА

10. ХХІ ғасырдағы жаһандану. Сөйлеу стилі	43
11. Жаһандану дәуіріндегі жастардың рөлі. Кітаби-жазба стиль	46
12. Жаһандану үдерісінің пайдасы мен зияны. Көркем әдебиет стилі	50
13. Жаһандану жағдайындағы ұлттық болмыс. Ғылыми стиль.....	54
14. Жаһандану: қазақ тілін жаңғырту негіздері. Ресми ісқағаздар стилі	58
15. Тоқсандық жиынтық бағалау	60
16. Жаһандану және жасанды интеллект. Қайталау	61

III. ЖАСАМПАЗДЫҚ – ДАМУ ЖОЛЫ. СИНТАКСИС

17. Цифрландыру және жасанды интеллект дәуірі. Құрмалас сөйлем туралы түсінік	65
18. Цифрлық ел және мен. Құрмалас сөйлемнің жай сөйлемнен ерекшелігі	68
19. ТБәсекеге қабілеттілік – жарқын болашақ кепілі. Жай сөйлемдердің бір-бірімен құрмаласу тәсілдері	73

20. Жасанды интеллектінің менің өміріме әсері. Салалас құрмалас сөйлемнің негізгі ерекшеліктері	75
21. Қазақстанның жасампаз идеялары. Сабақтас құрмалас сөйлемнің негізгі ерекшеліктері	78
22. Алатау – Smart City. Аралас құрмалас сөйлемнің ерекшеліктері	80
23. Қайырымды қоғамның мүшесі бол! Құрмалас сөйлемді қайталау	83

IV. АДАМ ҚҰҚЫҒЫ МЕН БОСТАНДЫҒЫ. СИНТАКСИС

24. Конституция – елдің негізгі заңы. Салалас құрмалас сөйлемнің түрлері. Ыңғайлас салалас құрмалас сөйлем	86
25. Конституцияның маңызы мен құрылымы. Ыңғайлас салалас құрмалас сөйлемді қайталау	89
26. Азаматтардың конституциялық құқықтары. Себеп-салдар салалас құрмалас сөйлем	93
27. Отбасы құндылықтары. Кезектес салалас құрмалас сөйлем	96
28. Бала құқығы. Қарсылықты салалас құрмалас сөйлем	100
29. Бала құқығын қорғаудағы отбасының рөлі. Қарсылықты салалас құрмалас сөйлемді қайталау	103
30. Жастар құқығы және қоғам. Салалас құрмалас сөйлемді қайталау.....	106
31. Тоқсандық жиынтық бағалау	107
32. Бейбіт өмір мен әділдік жолындағы күрес. Салалас құрмалас сөйлемді қайталау.....	108

V. ОТБАСЫ ЖӘНЕ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ӨЗГЕРІС. СИНТАКСИС

33. Отбасы – қоғамның іргетасы. Түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлем.....	111
34. Демография ұғымы және оның маңызы маңызы. Түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлемді қайталау	114
35. Демографияның маңызы. Талғаулы салалас құрмалас сөйлем....	117
36. Жастар мен отбасы. Талғаулы салалас құрмалас сөйлемді қайталау	121
37. Отбасы құндылықтары	124
38. Болашақ үшін жауапкершілік. Кезектес салалас құрмалас сөйлемді қайталау	126
39. Отбасы мен ұлттың келешегі	130

VI. БИОТЕХНОЛОГИЯ ЖӘНЕ ГЕНДІК ИНЖЕНЕРИЯ КЕЛЕШЕГІ. СИНТАКСИС

40. XXXI ғасырдың жетекші ғылымы – биотехнология. Сабақтас құрмалас сөйлемнің түрлері. Шартты бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем.....	135
41. Гендік инженерия – болашақтың іргетасы. Шартты бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем	139
42. Гендік инженерия және қоршаған орта. Қарсылықты бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем	143
43. Қазіргі биотехнологиядағы тың жетістіктер. Қарсылықты бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлемді қайталау.....	147
44. Ұлттық ғылым жүйесіндегі биотехнологияның орны. Мезгіл бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем	151
45. Биотехнология ғылымының көшбасшылары. Мезгіл бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлемді қайталау	156
46. Биотехнология – болашақтың кілті	159

VII. БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ. СИНТАКСИС

47. Бұқаралық ақпарат құралдарының қоғаммен байланысы. Себеп бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем	164
48. Бұқаралық ақпарат құралдарының түрлері. Қимылсын бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем.....	169
49. Әлемдік бұқаралық ақпарат құралдары құралдары	174
50. Ұлттық телеарналар. Мақсат бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем.....	178
51. Тоқсандық жиынтық бағалау	182
52. Дәстүрлі және цифрлық медиа. Сабақтас құрмалас сөйлем түрлерін қайталау	183

VIII. ӘЛЕМДЕГІ ҚАҚТЫҒЫСТАР ЖӘНЕ БЕЙБІТШІЛІК. СИНТАКСИС

53. Әлемдегі саяси және әскери қақтығыстар орталықтары. Аралас құрмалас сөйлем	189
54. Басты ұранымыз – бейбітшілікті сақтау.....	192
55. Әлемдегі діни қақтығыстардың бүгінгі көрінісі. Аралас құрмалас сөйлемнің жасалу жолдары	195
56. Бейбітшілікті сақтауға бағытталған ұйымдар	198

57. Қазақстан – халықаралық татулықтың символы. Аралас құрмалас сөйлем құрамындағы жай сөйлемдердің қолданысы.....	201
58. Ел тыныштығына бастар жол	205
59. Әлемдегі бейбітшілік.....	208

IX. ТАБИҒИ РЕСУРСТАРДЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ. ПУНКТУАЦИЯ

60. Ұлттық байлықтың қайнар көзі. Салалас құрмалас сөйлемдердің тыныс белгілері	212
61. Табиғи ресурстар	217
62. Табиғи байлықтардың географиялық таралуы. Сабақтас құрмалас сөйлемдердің тыныс белгілері	220
63. Минералды ресурстар – ел экономикасының тірегі	224
64. Еліміздің энергетикалық ресурстары. Аралас құрмалас сөйлемнің тыныс белгілері.....	227
65. Жасыл энергетика болашағы: экологияны сақтаудың тиімді жолдары	232
66. Еліміздің биологиялық ресурстарының маңызы	230
67. Тоқсандық жиынтық бағалау	231
68. Табиғатты қорғау – экономиканы дамыту кепілі	234
Глоссарий	236
Тыңдалым мәтіндері	241
Пайдаланған әдебиеттер	260